



№45 (8197)
13 қараша
БЕЙСЕНБІ,
2025 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylol
ken_jylol_gazeti

* Агроөнеркәсіп

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС АРТУДА



* Коллажды жасаған С.КОШЕКОВА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: Мәзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажеттілігі жөнінде айтқан пікірі көптің көңілінен шығып, ешкімді де бейжай қалдырмағаны рас. Бұл жөнінде ол «Үздік агрокәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімін шығарудан бастап оны терең өңдеуге дейін тұтас өндірісті толығымен жолға қойып, зор табысқа жетіп отыр. Сондықтан осындай агрохолдингтердің тәжірибесін тарату үшін барынша жағдай жасаған жөн. Бұл – құзырлы министрліктің және қоғамдық ұйымдардың міндеті. Мұндай қадам инновациялар мен ғылыми жаңалықтарды ауыл шаруашылығында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді» деген еді. Бүгінде бұл сөз еліміздің түкпір-түкпіріндегі еңбек ұжымдарына бағыт-бағдар болып отыр. Солардың бірі – аудандағы «KG Catering & Cleaning» компаниясына қарасты жылыжай кешені.

* 15 қараша – Ұлттық валюта күні



* Коллажды жасаған С.КОШЕКОВА

ТЕҢГЕ – ТӘУЕЛСІЗДІК СИМВОЛЫ

15 қараша – еліміздің экономика тарихы қойнауынан орын алатын айрықша күндердің бірі. Бұл датада Қазақстан Республикасы өзінің ұлттық валютасы, яғни теңгені айналымға енгізіп, қаржы тәуелсіздігіне қол жеткізген болатын.

1993 жылы Тұңғыш Президенттің Жарлығымен теңге ресми түрде айналымға еніп, егемен еліміздің экономикалық дербестігін айқындаған тарихи оқиғаға айналды.

Алғашқы теңге қорының тарихы тереңде жатыр. Ең алғашқы валютада ұлы тұлғаларымыз - Әбу Насыр Әл-Фараби, Құрманғазы, Шокан Уәлиханов, Абай бейнелерімен безендірілген еді.

Ұлттық валютаның екінші легі Қазақстанда жасалып шыққан. Жаңа серия «Әл-Фараби» деп аталды. Ұлттық валютамыздың үшінші буыны 2006 жылы Бәйтерек бейнесімен жарық көрсе, 2011 жылдан бастап жаңа валюта айналымға шыға бастады. Кейін «Самұрық» сериясындағы номиналы бар 500, 1 000, 2 000, 5 000, 10 000 және 20 000 теңге болатын ақшаның бір жақ бетіне «Қазақ Елі» монументі мен кептерлер бейнеленді. Бүгінде бұл тәуелсіз Қазақстанның тұрақтылығы мен ұлттық бірегейлігінің нышанына айналды. Теңгенің айналымға енген сәтінен бастап елдің қаржы жүйесі қалыптасты, банк секторы дамыды, шетелдік инвестициялар тартылды. Ұлттық валюта күнімен қатар бұл күн қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ретінде де аталып өтеді.


Теңге – ел тәуелсіздігінің символы және қоғамдағы тұрақтылықтың нышаны. Осы жылдар арасында қазақстандық теңге талай мәрте үздік банкноталар атағын алып үлгерді. Мәселен, 2011 жылдан бастап үш жыл қатарынан отандық банкноттар әлем бойынша үздік банкноттар деп танылды. Қазақстандық банкноталар төмендегідей байқауларда бас жүлдені алды. 2014 жылы түркі жазуына арналған «Күлтегін» естелік банкноты Халықаралық банкнот қауымдастығының (IBNS) нұсқасы бойынша 2013 жылдың үздік банкнотына айналды. Халықаралық валюта қауымдастығы (IACA) 2007 жылы номиналы 10 мың теңгелік банкнотты әлемдегі ең үздік деп таныды. 2016 жылы 20 мың теңгелік банкнот High Security Printing Europe конференциясында үздіктер қатарынан табылды. Сонымен бірге ол 2015 жылдың үздік аймақтық банкноты деп танылды. Төл теңге айналымға енгелі бері 30 жылдан астам уақыт өтсе де ол тұғырлы тәуелсіздіктің, ел егемендігінің символы болып қала бермек. Жыл сайын атап өтілетін Ұлттық валюта күні соның айғағы болып табылады.

А.ТАЛАПҚЕР

* Оқиға

Тілсіз жау толықтай ауыздықталды

Таяуда Құлсары-Теңіз тас жолы бойындағы жанармай құю бекетінде өрт болып, оқыс оқиға орын алды.



Бекетке жанар-жағармай таситын жүк көлігінің (32 тонналық бензовоз) резервуарға жанар-жағармай құю түтігінен (шланга) от шарпып, 2 дана тегершік өртеніп, арты өртке ұласқан. Өрт сөндіру қызметкерлері оқиға орнына жедел жетіп, сағат 16.50-де өрт оқшауланып, 16.56-да тілсіз жау толықтай ауыздықталды. Оқыс оқиға салдарынан аталған жанармай құю бекетінің 2005 жылы туған жұмысшысының қолын күйік шалып, жедел жәрдеммен аудандық ауруханаға жеткізілген. Қазіргі таңда өрттің себебі анықталуда.

Ш.ХАМИТОВА

5-БЕТ

* Баспасөз - 2026

Кен Жылой

ГАЗЕТИНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

KAZPOST

ИНДЕКС:
65583

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН: 1 ЖЫЛҒА - 8559, 20 ТҒ.

6 АЙҒА - 4279,60 ТҒ.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН: 1 ЖЫЛҒА - 4769, 44 ТҒ.

6 АЙҒА - 2384, 72 ТҒ.